

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

баланстағы, баланстан тыс шоттардағы негізгі өндіріс құралының талдаушысы белгілі бір ерекшелікке ие болады.

Бухгалтерлік есепте жерді кіріске алу ерекше маңызға ие. Ол белгілі бір күннің нарықтық құны, мүліктің құны (айырбастау мәмілелеріне қатысты), сатып алудың нақты шығындары бойынша бағаланады. Сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша бағалауға жол беріледі.

Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп көптеген нюанстарға ие. Шоттардың жалпы негіздері мен жалпы жоспарын қолдана отырып жүргізілгеніне қарамастан, жекелеген баптарды есепке алу тәртібі басқа салалардағы тәртіптен айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, табиғи биологиялық циклдарға, климаттық жағдайларға және жерді негізгі актив ретінде пайдалануға байланысты ауыл шаруашылығының ерекшеліктеріне байланысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қаржылық есеп: оқу құралы Ж.А. Абишева, Ф.М. Тулегенова [және т.б.] – Алматы: Қазақ университеті, 2019 – 348 б.
2. Бухгалтерские проводки: методическое пособие/ В.П. Проскурина. - 8-е изд. изм. и доп. - Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2022. - 316 с.
3. Досманбетова А. С. Бухгалтерлік есеп: оқу құралы. - Алматы : LEM, 2020. -388 б.
4. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы N 185 бұйрығы//adilet.zan.kz
5. Бухгалтерлік есеп негіздері: оқу құралы / Н. Н. Таштанова, С. С. Сапарбаева, Р. Е. Жаппасова. - Алматы : Фортуна Полиграф, 2020. - 187 б.

УДК 336.01

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

**Ғалым Аружан Мақсатқызы,
Сұлтанова Балнұр Абылайқызы**

bsultanova03@mail.ru,
aruzhan250704@icloud.com

Л.Н.Гумилев ат.Еуразия ұлттық университетінің Есеп және аудит амандығының
4- курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Садуақасова К.Ж.

Талдау – зерттелетін объектіні әртүрлі факторлардың әсерінен өзгеру тенденциясын белгілеу мақсатында осы объектіге тән компоненттерге, элементтерге бөлу, бөлшектеу.

Кез-келген зерттеуді жүргізу кезінде талдау синтезбен диалектикалық бірлікте, бұрын бөлінген бөліктерді біртұтас жүйеге біріктіреді.

Экономикалық талдау жүргізудің негізгі мақсаты шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыс істеу тиімділігін арттыру және осындай арттыру резервтерін іздеу болып табылады [1].

Экономикалық талдаудың ғылым ретінде қалыптасуы өндіргіш күштердің дамуына, өндірістік қатынастардың жақсаруына және жалпы экономикалық ғылымның дамуына байланысты болды. Орын алған өзгерістердің барлығы экономикалық қатынастардың жақсаруы мен жалпы экономикалық ғылымның дамуының салдары болды, оның тарихы көне ғасырлардан басталады :

- Ежелгі Шығыс Ойшылдарының ілімі (Конфуций);
- Ежелгі Греция(Ксенофонт, Платон, Аристотель);
- Ежелгі Рим(Варрон, Сенека)[2].

Экономиканың қазіргі жағдайы экономикалық талдау тәжірибесінің теориясын талдауды талап етеді. Өйткені ұйымның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету олардың

өндірістік шаруашылық қызметін экономикалық сауатты басқаруды талап етеді, бұл көбінесе оны талдау қабілетімен анықталады.

Қазіргі уақытта экономикалық талдаудың маңызды қоғамдық экономикалық формация деңгейі де, ұлттық экономиканың және оның жекелеген салаларының мемлекеттік деңгейінде де, микродеңгейдегі нақты экономикалық талдаудың да маңыздылығы артып отыр.

Ұйымдар өз бизнесін объективті бағалауы, қаржылық экономикалық нәтижелерді болжауы керек; шаруашылық қызмет нәтижесінде жүзеге асыратын әрекеттердің әрекеттердің себептері мен салдарын білу; активтерді және басқа ресурстарды тиімді басқару; экономикалық пайда алу үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану. Талдау процесі шешім қабылдау процесінде маңызды элементті құра отырып, ресурстарды оңтайлы бөлу мен пайдалануға ықпал етеді. Мысалы, микроэкономикалық талдау адамдар мен ұйымдардың белгілі бір экономикада қалай жұмыс істейтінін сипаттауға тырысады, макроэкономикалық талдау ЖІӨ, жұмыссыздық пен инфляцияға назар аударады, ал техноэкономикалық талдау өндіріс процессінің экономикалық нәтижелерін зерттеуді қамтиды.

Экономикалық талдау жобаларды, сценарийлерді, тапсырмаларды, тақырыптарды немесе әрекеттерді олардың табыстылығын немесе тапсырмалардың мүмкін болатын шығындарды анықтауды зерттеумен байланысты көрсетеді.

Экономикалық талдау жоба, оқиға немесе әрекет үшін шығын пайда, бағалауды анықтайды. Бұл ұйымдарға мүмкіндік шығындарын түсінуге көмектеседі. Жоспардың немесе талдаудың орындылығын талдау үшін экономистер мен бизнес иелері пайдаланатын әртүрлі экономикалық талдау құралдары бар.

Экономикалық талдауды дамытуда не нәрсеге назар аудару керек?

Ең алдымен, жедел тадау мен басқарудың рөлі мен маңыздылығын арттыруға назар аудару керек.

Қазіргі кезеңдегі экономикалық процестердің даму динамикасы сыртқы және ішкі ортаның жағдайын үнемі жедел білуді, қажетті уақытта тактикалық және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және өндірістік емес шығындар қауіпін азайтуға көмектесетін шараларды міндетті түрде қабылдауды қажет етеді. Кейбір деректер мен уақыттың болмауына байланысты операциялық талдаудың кемшіліктерін салыстырмалы дәлсіздік деп санау керек.

Екіншіден, перспективалық дене стратегиялық талдауды дамытуға ерекше көңіл бөлу керек. Стратегиялық талдау ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарға бағытталған шешімдер қабылдауға көмектеседі. Стратегиялық талдаудың стандартты модельдерінің кемшілігі—өзара әрекеттесуде ішкі және сыртқы талдауды қабылдамау.

Ішкі ортада кәсіпорын ішкі күштердің мүмкіндіктерді пайдалана алатынын және ішкі әлсіздіктер сыртқы қауіптермен байланысы бар болашақ мәселелерді қиындата алатынын бағалауы керек.

Стратегиялық талдау компанияның болашақта болатын жағдайының сапалы сипаттамасын ғана бере алады.

Перспективалық талдау болашақта экономикалық қызметтің болжамды нәтижелерін бағалауға қатысты. Талдаудың осы түрін қолданудың негізгі мәселелерінің бірі осы немесе басқа индикаторды анықтайтын барлық факторларды, сондай-ақ техникалық прогресс, жұмысшылардың бастамашылығының көрінісі және басқа да маңызды факторларға туындайтын жаңа өндірістік резервтер мен мүмкіндіктерді толық есепке алу мүмкіндігінің болмауына байланысты[3].

Үшіншіден, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жүйелердің біркелкі емес даму динамикасын, болып жатқан процестердің ықтималдық сипатын, басқару функцияларын орталықсыздандыруды ескеру қажет, осыған байланысты ідетте талдау міндеттері қосылады. Қазіргі уақытта кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалаудың идеалды әдісі әлі жоқ. Экономикалық талдау объектісі, әдетте, кәсіпорынның өзі ғана емес, сонымен бірге ол өндіретін өнімдер, тауарлардың өмірлік циклінің кезеңдері, жеткізушілер, сатып алушылар, өндіріс факторлары, бәсекелестер және т.б.

Төртіншіден, бұл маркетингтік талдаудың даму динамикасы болып табылады.

Маркетингтік талдау салыстырмалы түрде жақында пайда болды және маркетингтік зерттеулер жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл талдау тауарлар, жұмыстар, қызметтер нарығына қатысты мәселелер бойынша деректерді жинау, тіркеу, өңдеу және талдау, сондай-ақ табысты және дұрыс қабылдау үшін статистикалық, эконометрикалық және басқа да тиімді зерттеу әдістері арқылы тауар нарығының құбылыстарын және кәсіпорынның өзіндік инновациялық және сауда қызметін бағалауды, процестерді болжауды, түсіндіруді, модельдеуді қамтиды.

Бесіншіден, әлеуметтік-экономикалық талдаудың өсуін қарастырайық. Әлеуметтік-экономикалық талдаудың негізгі мақсаты әлеуметтік-экономикалық өсуді жеделдетудің қажетті резервтерін анықтау және әлеуметтік саланы басқарудың экономикалық тиімділігін арттыруға көмектесу болып саналады. Бұл мақсатқа жету үшін мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық талдаудың тиімді әдістері керек. Сондай-ақ олардың көмегімен функционалдық-экономикалық, техникалық-экономикалық және экономикалық-экологиялық процестермен өзара байланыстың көрінісі табылуы керек.

Алтыншыдан, экономикалық талдаудың салалар бойынша саралауды тереңдет керек. Салалық экономикалық талдаудың маңыздылығы өндірістің әртүрлі салаларының ерекшеліктерімен негізделген. Әрі қарай, салалар тобын талдаудан жекелеген салаларды зерттеуге көшу қажет.

Экономика мен саясатта болып жатқан оқиғалар, халықаралық стандарттарға көшу көбінесе экономикалық талдауда ғана емес, сонымен қатар сарапшы мамандарды дайындауда да инновацияларды қажет етеді. Оларды әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде бизнес-құрылымдар мен жоғары оқу орындарының өзара іс қимылы арқылы оқыту кезінде де мамандар санын үнемі арттырып отыру керек[4].

Қорытындылай келе, нарықтық экономиканың серпінділігі экономикалық талдау саласын кеңейтетінін көреміз. Экономикалық өмір көріністерінің, халықаралық саясаттың әлеуметтік-экономикалық саясатының және елдің сәйкестігін әрқашан ескеру керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Утибаев Б.С. Экономический анализ: учебник / Б.С. Утибаев, Г.Б.Утибаева. - Алматы: Лантар Трейд, 2022
2. Экономикалық талдау: тарих және даму перспективалары // Экономикалық талдау тарих және практика. Климова Н.В. 2009. №23
3. Аманова Г.Д. Экономикалық талдау: оқу құралы / Г.Д. Аманова, К.Ж. Садуақасова. - Алматы : New book, 2020. - 279.
4. Экономикалық талдау. Қысқа курс / А. А. Сперанский, Е.А.Пахомник. – М.: Окей-книга, 2016. – 192 б.
УДК 336.01

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ

Дүйсенова Раушан Балтақызы

raushan.baltakzy@gmail.com

Л.Н.Гумилев ат.Еуразия ұлттық университетінің Есеп және аудит амандығының

4- курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Садуақасова К.Ж.

Кез-келген ұйымның төлемқабілетті және қаржылық тәуелсіз болуы үшін жұмыстанатын ол ұйымның қаржылық жағдайы туралы мәліметтер. Нарықтық экономика кезеңінде қаржылық жағдайды есепке алудың мәні өте зор болып табылады. Ұйым қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді есепке алу арқылы екінші тұлғалармен, жалпы алғанда ішкі